

Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 22/213 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 мамырда № 27908 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін .

2. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1) 2016 жылғы 21 шілдедегі № 7/73 "Абай қаласы, Абай ауданының Топар, Қарабас, Южный кенттері және Құлаайғыр, Агрогородок, Жартас ауылдары бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3938 болып тіркелген);

2) Абай аудандық мәслихатының 7 сессиясының 2016 жылғы 21 шілдедегі №7/73 " Абай қаласы, Абай ауданының Топар, Қарабас, Южный кенттері және Құлаайғыр, Агрогородок, Жартас ауылдары бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 25 қазандағы № 54/575 шешіміне өзгерістер енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5508 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Сакенов

Абай аудандық мәслихатының
2022 жылғы 28 сәуірдегі
№ 22/213 шешіміне қосымша

Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы Есептік бірлікке, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,96 2,53

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	-
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,06
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,42
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,78
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,002
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,74
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,33
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,82
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,32
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,05
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,06
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,06
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,74
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м ²	0,25
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,25
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,65

18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,15
19	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,92
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,75
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,45
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	2,0
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,1
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	1,17
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,01
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,33
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,21
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,015
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,41
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	3,12